



БҰЙРЫҚ

2023 жыл 20 шілде

Петропавл қаласы

ПРИКАЗ

834

№

город Петропавловск

«Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» Заңының 65 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2023 жылғы 18 шілдедегі хаты негізінде, балаларды есепке алуды және оқумен толық қамтуды тиісінше қамтамасыз ету, оқу жылының басына дайындық кезінде аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Аудандық, Петропавл қаласы білім бөлімдерінің басшыларына, облыстық білім мекемелерінің директорлары:

- 2023 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсетуге және 1 қыркүйекте әлеуметтік себептер бойынша мектепке келмеуінің алдын алуына бағытталған «Мектепке жол» акциясын өткізсін;

- Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің бекіткен «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу бойынша Облыстық іс шаралар жоспары орындалуға қабылдансын;

– педагогикалық ұжымдар, қамқоршылық кеңестер, ата-аналар жұртшылығы, құқық қорғау, денсаулық сақтау органдарының қызметкерлері және басқа да мүдделі мемлекеттік органдардың әр елді мекенде мектеп жасындағы балаларды есепке алу бойынша рейдтер өткізу жөніндегі бірігіп жұмыс ұйымдастырылсын, 9 сынып түлектерін еңбекпен қамтуға және оларды оқытуға көңіл бөлінсін;

– кәсіпорындар және атқарушы орган ұйымдарының жетекшілері аз қамтылған немесе көпбалалы отбасыдан шыққан оқушыларды оқу құралдарымен, киім-кешек, аяқ киіммен қамтамасыз ету бойынша практикалық жәрдем көрсетуге бекітілсін (*келісім бойынша*);

– оқушылардың сабаққа келуін, бастауыш сынып оқушыларының, көп балалы және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тамақтануына

көңіл бөле отырып, алыс елді-мекендерде тұратын оқушыларды мектепке дейін және үйге кері жеткізілуін қатаң бақылауға алынсын;

– акцияның өту барысын бұқаралық ақпарат құралдарында көрсету бойынша шара қабылдансын;

– мектеп жасындағы балаларды оқумен қамту мәселесі бойынша педогогикалық кеңестер өткізілсін;

– ауданда (қалада) акция өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленсін.

Акцияның өтуі туралы аралық ақпаратты ағымдағы жылдың 05, 15, 25 тамыз және 05, 15, 25 қыркүйек күндері білім басқармасының (*Aigulospanova@sqa.gov.kz*) электрондық мекен-жайына жолдансын.

Акцияның өткізілу қорытындысы туралы ақпарат аналитикалық хатпен, фотоматериалдармен және БАҚ шыққан материалдардың көшірмелерімен қоса білім басқармасына 2023 жылғы 25 қыркүйегіне дейін жіберілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Т.Н. Протопоповаға жүктелсін.

Негізі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2023 жылғы 18 тамыздағы № 5-15-2/4267-И хаты.

Басшы



Н. Жашибеков